



ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

ЖАҢА ОЙЫН АЛАҢЫ – БАЛАЛАР ИГІЛІГІНЕ



БҮГІНДЕ АУДАНЫҢ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ДАМУҒА ЕРЕКШЕ КӨҢІЛ БӨЛІНІП КЕЛЕДІ.

Соның ішінде тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру мақсатында заманауи талаптарға сай жаңа ойын алаңдары салынып, балалардың қауіпсіз өрі жайлы демалысына жағдай жасалып отыр. Оған қоса, инфрақұрылымдық жобалар кенттің келбетін жаңарта түсуде.

Бұл ретте 25 қазан — Республика күніне орай Мақат кенті С.Мұқашев көшесіндегі №80/2 және № 32/2 көп қабатты тұрғын үйлердің алаңында балалар және әмбебап спорттық ойын алаңдары пайдалануға берілді.

Ойын алаңының ашылу салтанатында аудан әкімі Азамат Мәмбетов ойын алаңдарының ашылуы балалардың уақытын тиімді өткізуіне жасалған нақты қадам екендігін жеткізіп, осы бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табатындығын айтты.

Әрі қарай ойын алаңдарының салтанатты түрде лентасы қиылды. Аталған көшенің тұрғындары да өз үйлерінің жанында осындай мүмкіндіктің пайда болғанына дән риза.

Айта кетейік, пайдалануға берілген ойын алаңдарының іші жарықтандырылып, кент балаларының серуендеп демалуларына толықтай жағдай жасалған.

МТ

АҢДАТПА



Мереке – ел қуанышы

2



Отан үшін от кешкен қаһарман– Мұса Баймұханов

5



Республикаға жолдама алды

8

ҚАПЕРГЕ!

ЖОЛ ҚАУІПСІЗДІГІ – БАСТЫ НАЗАРДА



ҚАЗІРГІ УАҚЫТТА КӨЛІК ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ҚАРҚЫНЫ АРТҚАН САЙЫН, ӘРБІР ШАҚЫРЫМДА ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕСІНЕ МҰҚИЯТ ҚАРАУ ҚАЖЕТТІЛІГІ ТУЫНДАП ОТЫР. ТЕХНИКАДАН БӨЛЕК, МАЛДЫҢ ҚАТЫСУЫМЕН БОЛАТЫН ЖОЛ-КӨЛІК Оқиғалары да азаймай келеді. Бұл – ауылдық аймақтарда жиі кездесетін өзекті мәселе. Жолдың жайын тек жолаушы ғана біледі. ТҮНГІ УАҚЫТТА ТАС ЖОЛДЫҢ БОЙЫНДА ЖҮРГЕН ЖҮРГІЗУШІЛЕР ҮШІН КЕНЕТТЕН ЖОЛҒА ШЫҚҚАН МАЛ ҮЛКЕН ҚАУІП КӨЗІНЕ АЙНАЛАДЫ. СОНДЫҚТАН МҮНДАЙ ЖАҒДАЙЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ, ЖОЛ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ – ТЕК ПОЛИЦИЯ МЕН ӘКІМДІКТІҢ ЕМЕС, БАРША АЗАМАТТЫҢ ОРТАҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ.

(Жалғасы 4-бетте)

*Баспасөз – 2026



«Мақат тынысына» 2026 жылға жазылу басталды

«ҚАЗПОШТА» АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ

Жеке тұлғаға
6 айға -
2272 теңге
66 тиын

Занды тұлғаға
6 айға -
3993 теңге
60 тиын

1 жылға -
4545 теңге
32 тиын

1 жылға -
7987 теңге
20 тиын

Газет индексі:
жеке тұлғалар үшін –
65574,
занды тұлғалар үшін –
15574

Құрметті оқырман!

Өзіңізге қажетті мәліметті "Мақат тынысынан" ғана аласыз. "Мақат тынысы" Сіздің сенімді серігіңіз болуға дайын! Бір рет жазылып, жыл бойы рухани азық алып тұрыңыз!

